



## ҰШУ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДА САЯСАТЫ

Мен Азаматтық авиация академиясының басқарма төрағасы – ректор ретінде, академиямыздың қауіпсіз, тұрақты және тиімді жұмысын қамтамасыз етуге жауаптымын. Біздің басты басымдығымыз – академия студенттерінің ұшу тәжірибесі мен өндірістік практикасы кезінде олардың қауіпсіздігін толық қамтамасыз ету. Біз Қазақстан Республикасында авиациялық техниканы қауіпсіз әрі тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін экожүйені дамыту үшін озық технологияларды енгізіп, әдістер мен дағдыларды үнемі жетілдіріп отырамыз. Ұшу қауіпсіздігі әрбір қызметкеріміздің күнделікті жұмысы мен жауапкершілігінен басталады.

### Азаматтық авиация академиясының міндеттемелері:

- **Ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі:** Академияда ұшу қауіпсіздігін басқарудың негізгі төрт құрамдас бөлігін – қауіпсіздік саясаты, тәуекелдерді басқару, тиімділікті бақылау және қауіпсіздік мәдениетін дәріптеуді белсенді енгізу және дамыту.
- **Ішкі басқару жүйесі:** Академияда ұшу қауіпсіздігі жөніндегі кеңес және жұмыс топтары арқылы процестерді басқару, тәуекелдерді анықтау және жаңа мүмкіндіктерді тиімді пайдалану.
- **Халықаралық ынтымақтастық:** Азаматтық авиация саласындағы халықаралық ұйымдармен өзара тиімді байланыс орнатып, қоғамдық іс-шараларға қатысу, ұшу қауіпсіздігі мәдениетін насихаттау және тәжірибе алмасу.
- **Адами ресурстар:** Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған стратегияларды жүзеге асыру үшін жеткілікті білікті және дайындалған кадрларды қамтамасыз ету.
- **Процестерді жетілдіру:** Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басқару процестерінің тиімділігін үнемі арттыру және пәрменді шараларды қабылдау.
- **Ақпараттық қауіпсіздік:** Серіктестермен жұмыс барысында деректердің құпиялылығы мен ақпараттық қауіпсіздігін сақтау.
- **Хабарлау жүйесінің қауіпсіздігі:** Қызметкерлердің ұшу қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жағдайлар туралы мәлімет беруіне кепілдік беру, бұл мәліметтер негізінде тиісті шаралар қабылдау.
- **Техникалық қолдау:** Авиациялық оқиғаларды тексеру кезінде барлық қажетті техникалық және материалдық қолдауды ұсыну, сондай-ақ білікті мамандарды тергеу комиссиясының жұмысына тарту.
- **Ұшу қауіпсіздігіне арналған оқыту:** Барлық қызметкерлерге ұшу қауіпсіздігі туралы толық ақпарат беру және оларды жоғары деңгейде дайындау, әр қызметкердің міндеттерін оның біліктілігіне сай анықтап, жауапкершілік жүктеу.

Біз, Азаматтық авиация академиясының ұжымы, Қазақстан Республикасында азаматтық авиацияның қауіпсіз дамуын қамтамасыз ету үшін ұдайы еңбек етеміз.

Басқарма Төрағасы – Ректор



Б. К. Сейдахметов

05.01.2025